

ЭКОЛОГИЯ

Мүз астындағы тіршілік қамы

Қыс мезгілінде су айдындарының толықтай мүз қатуы балықтардың тұншығу қаупін арттыратыны белгілі. Осыған байланысты Махамбет ауданында экожүйені сақтау және балық қорының жаппай қырылуының алдын алу мақсатында дәстүрлі мелиорациялық жұмыстар қолға алынды.



Аталған шаралар Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының Махамбет балық инспекциясы бөлімі мен ауданға қарасты ауылдық округтер әкімдіктерінің бірлесуімен ұйымдастырылуда. Атап айтқанда Алға ауылдық округі әкімдігімен бірлесе

отырып, инспекция бөліміне қарасты Гагушкин және Ұлышығанақ су айдындарында мүз ойықтар ою жұмыстары жүргізілді. Жұмыстардың негізгі мақсаты – қыста су айдындарының беті қалың мүзбен жабылған кезеңде су астындағы тіршілік иелерін оттегімен қамтамасыз

етіп, балықтардың жаппай қырылуына жол бермеу. Махамбет балық инспекциясы бөлімінің бас маманы Тілекші Есмұханованың айтуынша, желтоқсан айының 11-12 күндері аудан аумағындағы су айдындарының беті толықтай мүз құрсауына түскен.

Осыған байланысты Алға ауылдық округімен бірлесіп, Гагушкин мен Ұлышығанақ су айдындарында мелиорациялық шаралар өткізілді. Қажетті құрал-жабдықтар пайдаланылып, мүздің қалыңдығы шамамен 20 сантиметр болатын аумақтарда 3 дана мүз ойық ойылды. Бұл – балықтардың оттегімен тыныстауына мүмкіндік беретін маңызды шара, - дейді ол.

Аталған іс-шараларға 15 адам мен 3 техника жұмылдырылды. Сонымен қатар ауданға қарасты Бейбарыс, Есбол және Ақжайық ауылдық округтері де өздеріне қарасты су айдындарында осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырып өткізді. Нәтижесінде аталған округтерді қоса алғанда жалпы есеппен 9 майна, 10 үкі ойылып, жұмыстарға 30 адам мен 7 техника тартылды.

Мелиорациялық шаралардың жүйелі түрде жүргізілуі өңірдегі балық шаруашылығын дамытуға, табиғи экожүйені тұрақтандыруға және балық шаруашылығы ресурстарын сақтауға оң әсерін тигізеді. Жауапты мамандардың айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табын болады.

Қ.АЙТҚАЛИЕВ

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «№8 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мекеменің дефектолог мұғалімі Күнтазиева Альмира Меңдібайқызының дүниеден озудына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Орны толмас ауыр қазаға байланысты марқұмның отбасы мен жақын туыстарына сабыр, төзім, күш-қуат тілейміз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «№8 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы



«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммунальдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы дефектолог маман КҮНТАЗИЕВА АЛЬМИРА МЕНДІБАЙҚЫЗЫНЫҢ дүниеден озудына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖЕПҚҰРТ

Әділдік пен адалдыққа бағыт

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына елеулі кедергі келтіретін, мемлекет пен халық арасындағы сенімді әлсірететін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол әділдік қағидаттарын бұзып, заң үстемдігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып саналады.



Мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу үшін заңнамалық негіздер қалыптастырылып, арнайы уәкілетті органдар жүйелі жұмыс атқаруда. Алайда кез келген заң немесе бақылау тетігі азаматтардың адал ұстанымы мен белсенді қатысуынсыз тиімді нәтиже бере алмайды. Осы орайда әрбір азаматтың пара беруден де, пара алудан да саналы түрде бас тартып, заң талаптарын мүлтіксіз сақтауы аса маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың да маңызы зор. Бұл үрдіс ең алдымен отбасынан басталып, мектеп пен білім беру мекемелерінде жалғасуы тиіс. Жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік сынды құндылықтарды сіңіру – болашақта

жемқорлықсыз қоғам құрудың берік негізі.

Сонымен қатар қоғамдық бақылау мен азаматтық белсенділік те маңызды рөл атқарады. Заң бұзушылықтарға бейжай қарамай, тиісті органдарға хабарлау, ашықтық пен жариялылықты талап ету – әрбір саналы азаматтың азаматтық парызы. Тек осындай бірлескен әрекет арқылы ғана әділ әрі таза қоғам қалыптастыруға болады. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – баршамызға ортақ іс. Әр азамат өз жауапкершілігін терең сезініп, адалдық қағидатын өмірлік ұстанымына айналдырғанда ғана қоғамымыз дамуың жаңа деңгейіне көтеріледі.

А.ШАЙМУРЗИНА,
аудандық сот өкілшілігінің
жетекші маманы

МАХАМБЕТ АУДАНЫ МАХАМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Махамбет ауылы
2026 жылғы 21 қаңтар
№1

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының б) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабының 2-тармағына сәйкес Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округінің шекарасында Махамбет ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын.
2. Сайлау округінің тізімі мен шекарасы және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіліп жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Р.ТҮРДАҒАЛИ
Хатшы М.ҚАБДӨЛ

МАХАМБЕТ АУДАНЫ МАХАМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Махамбет ауылы
2026 жылғы 21 қаңтар
№2

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылғы 1 наурызға Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.
3. Осы қаулы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Р.ТҮРДАҒАЛИ
Хатшы М.ҚАБДӨЛ

Махамбеттен К.Умиршин 14 үй жалға беріледі. Барлық жағдайы жасаған.
Ұялы: 8 708 612 81 97

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«ПолисМунайКурылыс» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, сағат 15:00 мин.-та 2026 жылғы 26 ақпанда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о., Тандай а., Бақсай а. о. мәдениет үйі мекен-жайында «Югосточный Новобогат» кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысын салу жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

Әсер ету аумағы:

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о. 47°13'28»N 51°13'53»E

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері:

«ПолисМунайКурылыс» ЖШС, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Г. Ибатов көшесі 80-ші үй БСН 070440010727.

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері:

«JASYLMEKEN» ЖШС
Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы, ш.а. 12 ВГ,54, офис 3
БСН 230440035727
eco@jasylmeken.kz
+7 778 129 78 09

Ескертулер және/немесе ұсыныстар Ақпараттық жүйе және atr_prigoda@mail.ru арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Белсенді сілтеме Ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz/>
<https://us05web.zoom.us/j/83697172371?pwd=XEbzCRhn4q06nh9bhq3ebRPq3xkVQY.1>

Конференция идентификаторы: 836 9717 2371, Кіру коды: MTKV9f

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжай eco@jasylmeken.kz бойынша алуға болады және телефон арқылы +7 778 129 78 09 алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Товарищество с ограниченной ответственностью «ПолисМунайКурылыс», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15:00 мин. 26 февраля 2026 года по адресу: Атырауская область, Махамбетский район, Баксайский с.о., с.Тандай, Дом культуры Баксайского с.о. состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к рабочему проекту «Строительство установки комплексной подготовки газа на месторождении «Югосточный Новобогат». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Территория воздействия:

Атырауская область, Махамбетский район, Баксайский с.о.

47°13'28»N 51°13'53»E

Реквизиты и контактные данные инициатора:

ТОО «ПолисМунайКурылыс», 030000, Актюбинская область, г. Ақтөбе, ул.Г. Ибатова 80, БИН 070440010727.

Реквизиты и контактные данные составителей:

ТОО «JASYLMEKEN»
БИН: 230440035727 г.Ақтөбе, 12ВГ, д.54, 3 офис
eco@jasylmeken.kz
+7 778 129 78 09.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе atr_prigoda@mail.ru. Активная ссылка будет предоставлена на Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/>

<https://us05web.zoom.us/j/83697172371?pwd=XEbzCRhn4q06nh9bhq3ebRPq3xkVQY.1>

Идентификатор конференции: 836 9717 2371, Код доступа MTKV9f

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу eco@jasylmeken.kz, и по телефону +7 778 129 78 09.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Товарищество с ограниченной ответственностью «ПолисМунайКурылыс», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 16:00 мин 26 февраля 2026 года по адресу: Атырауская область, Махамбетский район, Баксайский с.о., с.Тандай, Дом культуры Баксайского с.о. состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектной документации на получение экологического разрешения 1 категории на строительство и эксплуатацию Установки комплексной подготовки газа на месторождении «Югосточный Новобогат». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Территория воздействия:

Атырауская область, Махамбетский район, Баксайский с.о.

47°13'28»N 51°13'53»E

Реквизиты и контактные данные инициатора:

ТОО «ПолисМунайКурылыс», 030000, Актюбинская область, г. Ақтөбе, ул.Г. Ибатова 80, БИН 070440010727.

Реквизиты и контактные данные составителей:

ТОО «JASYLMEKEN»
БИН: 230440035727 г.Ақтөбе, 12ВГ, д.54, 3 офис
eco@jasylmeken.kz
+7 778 129 78 09.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе atr_prigoda@mail.ru. Активная ссылка будет предоставлена на Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/>

<https://us05web.zoom.us/j/82348285077?pwd=NXRz3WtUPgZQcgmBN6qaCa1k5C1Yce.1>

Идентификатор конференции: 823 4828 5077, Код доступа z7Kmkі

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу eco@jasylmeken.kz, и по телефону +7 778 129 78 09.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«ПолисМунайКурылыс» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, сағат 16:00 мин.-та 2026 жылғы 26 ақпанда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о., Тандай а., Бақсай а. о. мәдениет үйі мекен-жайында «Югосточный Новобогат» кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысын салу және пайдалану беру негізінде 1-санаттағы экологиялық рұқсат алуға арналған жобалық құжаттама пакеті бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

Әсер ету аумағы:

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о. 47°13'28»N 51°13'53»E

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері:

«ПолисМунайКурылыс» ЖШС, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Г. Ибатов көшесі 80-ші үй., БСН 070440010727.

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері:

«JASYLMEKEN» ЖШС
Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы, ш.а. 12 ВГ,54, офис 3
БСН 230440035727
eco@jasylmeken.kz
+7 778 129 78 09

Ескертулер және/немесе ұсыныстар Ақпараттық жүйе және atr_prigoda@mail.ru арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Белсенді сілтеме Ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz/>

<https://us05web.zoom.us/j/82348285077?pwd=NXRz3WtUPgZQcgmBN6qaCa1k5C1Yce.1>

Конференция идентификаторы: 823 4828 5077, Кіру коды: z7Kmkі

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжай eco@jasylmeken.kz бойынша алуға болады және телефон арқылы +7 778 129 78 09 алуға болады.